

# Шәкірттерінің үмітін үкілеген

Биыл Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің құрылғанына 60 жыл. Білімнің қара шаңырағында жемісті қызмет атқарып, еліміздегі білімді де білікті мамандардың қатарын толықтырған ұлағатты ұстаздар аз емес.

Менің ой-толғамымның басты кейіпкері – Үміт Қобланованың есімі университет үшін қаншалықты ардақты болса, біздің әулетіміз үшін де құрметтілер қатарында. Жалпы Үміт апа өңіріміздегі тағы бір іргелі оқу орны – қазіргі М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде де абыройлы еңбек етті.

1950 жылдардың соңы, 1960 жылдардың басында отбасымыздың үлкені, апам Тайба Сатпайқызы физика-математика факультетін физика мамандығы бойынша оқып тәмамдады. Сол кезде Үміт Бисенқызы осы мамандықта оқитын студенттердің 1 курстан бастап кураторы болды. Апам ұстазы Үмітті зор ризашылықпен, ыстық ілтипатпен еске алып отырушы еді. Ол кезде қаламыздағы қазіргі Студенттер көшесі «Торговая» деп аталушы еді, қазіргі «Суровская» дүкенінің орнында қызыл кірпіштен қаланған әскери қоймалар болды. 1970 жылдың

мамыр айында мен сол маңайда орналасқан қалалық әскери комиссариаттан әскерге аттандым.

Үміт апа тек куратор ғана емес, ауылдан келген қыз-жігіттердің анасындай қамқор бола білді. Үміт апайдың студенттері, Тайба апамның курстас-группаластары да осал болмады. Мысалы, Сырым ауданының тумасы Мереке Ахметов – ғылым кандидаты, доцент, қаламыздағы жоғары оқу орнында қызмет атқарды. Аға әлі де қатарда жүр. Маған физикадан сабақ берген Тасқала ауданы Шешін ауданынан келген Темір Абенев жоғары оқу орнында сабақ берді. Үміт Бисенқызының жақсы көретін студенттерінің бірі – Әмина Байарыстанова. Оның әкесі Сағидолла ағай – Ұлы Отан соғысына қатысушы, осы факультеттің түлегі әрі қызметкері. Әмина Сағидоллақызы Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің аспирантурасын тәмамдап, дифференциалдық теңдеулер ма-



мандығы бойынша диссертация қорғап, сол кездегі қаламыздағы Ауыл шаруашылығы институтының физика-математика кафедрасының меңгерушісі болып өмірінің соңына дейін қызмет атқарды. Тайба апамыздың ұлы Бауыржан да осы университеттің түлегі, немересі қазір 2 курс студенті.

Ал маған және менің курстастарыма, яғни болашақ инженер-механиктерге 1972-1973 жылдары Үміт Бисенқызы аналитикалық геометриядан бастап

дифференциалдық теңдеулер (дифур), математикалық талдаулар (матанализ) курстары бойынша дәріс берді. Ол кезде барлық сабақ орысша жүретін еді. Бұл, әсіресе, Атырау, Ақтау, Қызылорда өңірлерінен келген жастарға өте қиын болды. Үміт апайымыз дәрісті орысша оқып тұрып, асқан шеберлікпен қазақша жалғастыратын. Сонда қазақша бір ауыз сөз білмейтін өзге ұлттың жастарының өзі түсініп, сол тақырыпты меңгеріп алатын. Практикалық сабақтарды Мәскеудегі аспирантураға бармастан бұрын Әмина Байарыстанова өзі жүргізді. Кейін қызылордалық курстасым Кеңес Ибадуллаевтың немересіне ұстазымыз Үміт апаның есімін беріп, құрмет көрсеткені де есімде. Кеңесті біз Жақсылық деп атайтынбыз. Ол тіпті апайға

*Өмірден көп көргені,*

*Ғылымнан мол білгені.*

*Үміт апай – қамқоршым,*

*Жаныма жақын келгені,* - деп

өлең шумақтарын да арнады.

Үміт Бисенқызының жұбайы Хайролла Сағынайұлы мен еңгімелеген жылдарда кандидаттық диссертациясын қорғаса, кейінірек математика мен филосо-

фияны ұштастырып, философия ғылымдарының кандидаты атағына диссертация қорғаған еді. Тағы бір еске алар сәт – 1977 жылдары физика-математика факультетінің «Математика» мамандығын тәмамдаған қарындасым Қания Сәтпайқызы мемлекеттік емтихан тапсырғанда, комиссияның төрайымы Үміт апайымыз болған екен. Осындай ұстаздардың тәлімін алған Тайба апам да, Қания қарындасым да зейнеткерлікке шыққанға дейін қазіргі Бөкей ордасы ауданы, Бисен ауылындағы Бисен Жәнекешов атындағы орта мектепте ұстаздық қызмет атқарды. Қания қарындасым Қазақ ССР-інің халық ағарту ісінің озық қызметкері атағын алды.

Мінекей, Айталиевтер әулетінің үш ұрпағының өмірінде қайталанбас қолтаңбасын қалдырған Үміт Қобланова осындай жан еді. Бүгінде өзі өмірден өтіп кетсе де, есімі шәкірттерінің жүрегінде сақтаулы.

**Ермек АЙТАЛИЕВ,**  
**техника ғылымдарының докторы, профессор,**  
**2005 жылғы ҚР ЖОО-ның үздік оқытушысы, алғашқы грант иегері**